

**«ҚОҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 23 қазандағы шешімімен (№ 17 шешім)
бекітілген «ҚОҚ» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатына өзгерістер мен толықтырулар**

1. 2-тармақтың 13) және 14) тармақшалары алынып тасталсын;

2. 9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету;»;

3. 10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тәуекелдерді басқару жүйесін ескере отырып, стратегиялық жоспарлауды қамтамасыз ету;»;

4. 21-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

5. 43-тармақ алынып тасталсын;

6. 47 және 48 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Тәуекелдерді бақылау – лимиттерді, шектеулерді сақтау, рәсімдерді, ұсынымдарды орындау.

48. Тәуекелдер мониторингі – тәуекелдердің ағымдағы деңгейіне тұрақты мониторингті жүзеге асыру, тәуекелдерге ден қою жоспарларын орындау, сәйкестендірілген тәуекелдерді қадағалау.»;

7. Мынадай мазмұндағы 50-1 тармақпен толықтырылсын:

«50-1. Стресс тестілеу. Қоғам мерзімді негізде (жылына кемінде бір рет) ықтимал тәуекелдердің көздерін анықтау және стрестік жағдайларды іске асыру салдарынан болуы мүмкін шығындарды бағалау үшін стресс-тестілеуді жүргізеді. Стресс-тестілеуді жүзеге асыру кезінде активтерге, міндеттемелерге және меншікті капиталға әсерін талдау жүргізіледі. Стресс-тестілеу сценарийлері Қоғам қызметінің ерекшелігін ескере отырып әзірленеді. Стресс-тестілеу кредиттік тәуекел, пайыздық тәуекел және өтімділік тәуекелі бойынша жүргізіледі. Стресс-тестілеу кезінде Қоғам келесі факторларды қолданады, бірақ олармен шектелмейді:

- экономикадағы жағдайдың нашарлауы;
- нарықтық тәуекелдің туындау жағдайлары.»;

8. 51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Кредиттік тәуекел – бұл контрагенттің өз қаржылық міндеттемелерін төлемеуі немесе кешіктіріп төлеуі салдарынан шығындардың туындау тәуекелі. Кредиттік тәуекелді бағалау активтің құнын, оның ішінде кредит бойынша қамтамасыз етуді іске асырудан түскен ақша ағындарын бағалауды ескере отырып төмендету нәтижесінде белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір ықтималдықпен орын алуы мүмкін ең жоғары күтілетін шығынды білдіреді.»;

9. 52-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«**1-қағидат:** Қоғам Басқармасы ықтимал кредиттік тәуекелді және оған сәйкес күтілетін пайданы ескере отырып, Қоғамның Даму жоспарын әзірлейді және мерзімді түрде қайта қарайды;»;

10. 54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«54. Тәуекел мониторингін жүргізу және бақылау мыналарды қамтиды:

1) бекітілген Бағдарламаларға сәйкес Лимиттерді бақылау;

2) Қоғамның қарыз алушылары/контрагенттері бойынша ағымдағы ақпаратты жаңартуды, серіктес Банктермен хат алмасуды және өзекті деректерді көрсететін басқа да құжаттарды қамтитын кредиттік әкімшілендіруді жүзеге асыру;

3) кредиттік және инвестициялық портфельдің тұрақты мониторингін жүзеге асыру. Кредиттік мониторинг жүйесі келесідей мүмкіндік береді:

- Қоғам портфелінің ағымдағы жай-күйін барабар бағалау;

- қаржылық активтер бойынша берешекті өтеудің уақтылығы мен толықтығы бөлігінде шарттар талаптарының сақталуын бақылау;

- Қоғамның қаржылық активтерінің Бағдарламаларға сәйкестігін бақылау;

- кредиттер мен қаржылық инвестициялар бойынша бақылау күндерінің орындалуын бақылау;

- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің өзгеру кезеңдерін ескере отырып, Қоғамның қаржылық активтерін уақтылы саралау;

4) келесі бөлікте кредиттік портфельдің тұрақты мониторингін жүргізу:

- жекелеген Серіктес Банкте кредиттік портфельдің шоғырлану тәуекелі;

- қарыз алушының кредиттік тәртібі және басқа;

5) Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Қоғамның кредиттік тәуекелге ұшырауына қатысты есептілік тұрақты сипатқа ие және ағымдағы позицияны айқындайды;

6) Ішкі саралау жүйесі кредиттік тәуекелді өлшеудің және кредиттер сапасын мониторингілеудің маңызды құралы болып табылады, бұл кредиттік портфельдің сипаттамаларын, шоғырлануын, проблемалық кредиттерді және Провизияларды қалыптастырудың барабарлығын неғұрлым дәл анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жүйе кредиттерді тәуекелге ұшырау дәрежесіне қарай жіктейді.»;

11. 56-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«**5-қағидат:** Қоғам пайыздық тәуекелдің Қоғам қызметіне әсерін шектейтін Лимиттерді әзірлейді және белгілейді.»;

12. 58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Тәуекел мониторингін жүргізу және бақылау. Пайыздық тәуекел мониторингін жүргізу және бақылау мақсатында ТЖТБ Тәуекелдер жөніндегі есептерде Қоғамның пайыздық тәуекелге ұшырағыштығын көрсетеді.»;

13. 60-тармақтың оныншы абзацы алынып тасталсын;

14. 63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. Тәуекел мониторингін жүргізу және бақылау мыналарды қамтиды:

1) Қоғамның Активтері мен Пассивтерін ГЭП-талдау;

2) Баланс құрылымын - меншікті қаражатты (жарғылық капиталды, қорларды), активтерді (өнімді (кредиттік портфель) және өнімсіз (НҚ, МЕА, ТМҚ және т.б.) активтер кірістілігі) және міндеттемелерді (тартылған, қарызға алынған) талдау.».